

«8D01502 – Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Нуризинова Макпал Манарбековнаның «Пәндердің кәсіби циклінде трибология саласындағы болашақ физика мұғалімін дайындау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ШКІР

Қазақстан Республикасында соңғы онжылдықтарда болған оң өзгерістер кәсіптік-педагогикалық білім беру жүйесіне де оң әсерін тигізді. Білім беру бағдарламалары белсенді түрде жаңғыртылуда. Жоғары оқу орындары қоғамды жалпы педагогикалық және әдістемелік міндеттерді шешуге, ғылым мен өнеркәсіптік іс-әрекеттерге дайын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етуге ұмтылады. ЖОО-да білім беру бағдарламаларының кәсіби пәндер циклі арқылы тұрақты даму мақсаттарына сәйкес кәсіби білім беру тәжірибеге, ғылым мен өнеркәсіпке бағытталуда. Әсіресе, болашақ физика мұғалімдерін даярлау үдерісін тиімді іске асыру, ғылым мен техника саласындағы мәселерді зерттеушілік көзқараспен шеше алатын мамандардың санын ұлғайтуға көмектеседі. Сондықтан да, кәсіби цикл пәндерінің болашақ физика мұғалімдерін даярлаудағы маңызын ескеріп, трибология саласындағы ұғымдарды, айғақтарды, идеялар мен заңдылықтарды оқыту өзекті болып табылады.

Осы аталған қажеттіліктерді, талаптар мен мақсаттарды орындау үшін диссертант Нуризинова Макпал Манарбековна ғылыми ізденісті білім, ғылым және өнеркәсіп арасындағы сабақтастықты сақтай отырып іске асырды. Бұл жағдай біріншіден, болашақ физика мұғалімдері үшін ғылыми-зерттеу орталықтары мен өндірісте қолданылатын қондырғыларда орын алатын аса күрделі физикалық құбылыстарды елестетіп, олардың жұмыс істеу принциптерін түсіндіру қиындықтарын жеңуге көмектеседі.

Нуризинова Макпал Манарбековнаның алдына қойылған мақсаттарының негізі ретінде, ғылыми ізденіске, өнеркәсіпке бағдарланған оқыту тәсілдерін пайдалану арқылы кәсіби пәндерді оқыту әдістемесін бір жүйеге келтіру, атап айтқанда, трибология саласының біздің өміріміздің барлық салалардағы қолданысының ерекшеліктерін меңгерту, іргелі трибологиялық зерттеу нәтижелерінің оқу үдерісіне ендірілуі болашақ физика мұғалімдері үшін кәсіби бәсекелестіктің көрінісі болып табылады.

Демек, ізденушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері жаңашылдығымен ерекшеленеді десек болады, өйткені кәсіптік-педагогикалық даярлықты жетілдіру мақсатында жоғары оқу орындары студенттерінің трибологиялық тақырыптар мәселелерін пәндердің кәсіби циклінде оқудың орындылығы алғаш рет негізделген. Трибология саласындағы болашақ физика мұғалімін оқытудың мақсаттары, мазмұны, формалары, әдістері мен құралдарын қамтитын пәндердің кәсіби циклінде оқытудың әдістемелік жүйесі моделінің алғаш рет құрылуы да диссертанттың ғылыми нәтижесінің жаңашылдығының дәлелі.

Диссертанттың ғылыми жұмысында зерттеу нысанына қатысты теориялық


және әдістемелік мәселелер толық қамтылған және зерттеу жұмысына қойылатын барлық талаптар орындалып, сақталып жазылған. Ғылыми жұмыстарға лайықты мазмұндылығы мен техникалық талаптары толық орындалған.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық идеялары мен практикалық нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда және арнайы басылымдарда жарияланып талқыланды. Трибология саласындағы іргелі зерттеулердің нәтижелері білім берумен ұштастырылып, оқу үдерісіне ендірілген. Бұл зерттеу нәтижесінің сабақтастығының, сенімділігінің өте жоғары екендігінің тағы бір дәлелі болып табылады.

Материалдың логикалық жүйелілігін, ішкі бірізділігін, тақырыптың өзектілігі мен алынған нәтижелердің жаңашылдығын ескеріп, Нуризинова Макпал Манарбековнаның «Пәндердің кәсіби циклінде трибология саласындағы болашақ физика мұғалімін дайындау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын «8D01502 – Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD.


Ш. Ж. Раманкулов
РАСТАЙМЫН
Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Материал ресурстарын басқару бөлімінің бастығы
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
Физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры